

КӘСІБИ БАҒДАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

Қоғамның әлеуметтік және ғылыми-техникалық даму қарқыны жеделдеп отырған заманда адамның интеллектуалдық еңбек даралығы мен кәсіби бағыттылығына қойылатын талап деңгейінің жоғарылағандығын уақыт дәлелдеп отыр. Сондықтан да өскелең ұрпаққа болашақ мамандығын дұрыс таңдап, кәсіби құзыретті маман болуына қажетті жағдай жасау бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Жасөспірім үшін болашақ мамандықты таңдау өмірлік жолын дұрыс таңдаумен бірдей. Өкінішке орай, біз, балалардың таңдауын ақылмен емес, біреудің сөзіне ере отырып немесе ата-анасының ықпалымен «қай жерге оқуға түсу оңай» деген көзқарастармен болып жатқанын байқаймыз. «Осы мамандықты таңдауыма ата-анам себепші болып еді. Енді өз қалауыммен екінші мамандықта оқып жүрмін» – деген сияқты сөздерді күнделікті өмірде жиі еститіміз анық.

Дұрыс таңдалмаған мамандық – мамандық иесінің өзіне ғана емес, қоғамға да кері әсерін тигізетінін ұмытпағанымыз жөн. Әрбір оқушының жеке қабілеттері мен ерекшеліктерін, мүмкіндіктерін, шеберлігін, қызығушылығын ескеріп бағыт-бағдар, жекелеген мамандықтар туралы терең білім беру – біздің басты міндетіміз.

Кәсіптік бағдар – бұл оқушылардың мамандық таңдаудағы жеке икемділіктерінің, қызығушылығының, кәсіптік ынтасына және қоғамның әр-түрлі деңгейдегі квалификаци-

ялы және әр-түрлі мамандық кадрларына сұранысымен жастарды дайындаудағы бағытталған іс-әрекет.

Кәсіптік бағдардың қоғамдық проблема ретіндегі мәні қоғамның кадрларға деген сұранысын, ондағы қайшылықты басып өтуден жастардың кәсіптік талпынысынан көрінеді. Әрине, бұл қайшылықты шешуде педагогикалық ұжымның, мұғалімдердің, оқушылардың еңбектік және кәсіптік дайындығына жауаптылардың іс-әрекеті басты роль атқарады.

Мектеп қабырғасынан шығып, үлкен өмірге аяқ басқан түлектің өмірден өз орнын табуы тек ұстаздар мен ата-аналар үшін ғана емес бүкіл қоғам үшін үлкен мәртебе. Сондықтан оқушыларға кәсіби бағдар беру ісімен жалпы және кәсіби білім беру ұйымдары, өндіріс орындары мен кәсіпкерлер, басқаша айтсақ бүкіл қоғам болып айналысу қажеттігін көріп отырмыз.

Ақтөбе облысының білім басқармасы осы бағыттағы жұмысты жетілдіру мақсатында жас ұрпаққа болашақ мамандығын қателеспей таңдауға кәсіби бағдар беруге байланысты педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік тәжірибелерді



Ақтөбе облысының білім саралай отырып, 2016-2020 жылдарға арналған «Мен болашағымды таңдаймын!» атты оқушыларға кәсіптік бағдар беру жобасын іске қосты.

Осы жоба аясында Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технологиялар колледжінде «Қайда барып білім аласың?» атты мамандықтар жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Шарада мектеп оқушыларымен кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру барысында аудандық, қалалық білім беру бөлімдерінің әдіскерлеріне әдістемелік тұрғыда көмек көрсету, жоғары класс оқушыларына мамандық таңдауға мүмкіндік жасау мақсаты көзделді.

Іс-шараға Ақтөбе қаласындағы өндірістің әр түрлі салалары үшін мамандар даярлайтын оқу орнының ба-

стауыш, орта және жоғары білім беру ұйымдарынан мамандар қатысты. Қабылдау комиссияларының өкілдері, тұсаукесерлер өткізіп, оқу орындарының болашақ талапкерлерінің сұрақтарына жауап берді.

Сондай-ақ, «Мен болашағымды таңдаймын» жобасы аясында Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы Еуразия технологиялық университетімен бірлесіп, Ақтөбедегі мектеп бітіруші түлектермен кездесулер өткізді. Кездесу мақсаты – оқушыларға кәсіби траекториясын дұрыс анықтауға көмектесуге, қоғамда өз орнын табуға зор үлес қосты. Кездесуде білім беру мекемелерінің 400-ден астам оқушылары қамтылды.

Аталған жоба аясында облыстағы 13 колледжінде қалалық мектептердің 8-11 сынып оқушылары кәсіби сынамадан өтті. Жоба аясында Ақтөбе гуманитарлық колледжінде Ақтөбе қаласындағы №25, 30 орта мектептерінің 8-11 класс оқушылары «Мамандығыңды таңда!» атты мұғалім мамандығы бойынша кәсіби сынамадан өтті. Мектеп оқушылары колледж студенттерімен кездесіп, мұғалім мамандығының қыры мен сыры туралы мәліметтер алды. Сынамадан өту барысында мектеп оқушылары күнделік толтырды, логикалық тапсырмалар мен ситуациялық жағдаяттар бойынша сұрақтарға жауап беріп, өздерін аз уақытқа мұғалім роліне қойып көрді. Сынама қорытындысы бойынша мектеп оқушыларына куәлік тапсырылды.



Техникалық мамандықтар бойынша кәсіби сынама жұмыстары Ақтөбе қаласындағы политехникалық, құрылыс және бизнес, автожол, байланыс және электротехника, Хромтау тау-кен, Қандыағаш өнеркәсіп-экономикалық, колледждерінде ұйымдастырылды. Кәсіби сынама жұмысымен 200-ден астам оқушылар қамтылды.

Сынамаға қатысқан оқушылар бүгінгі күнгі еңбек нарығында сұранысқа ие мамандық түрлерімен танысты және ұнатқан кәсібі бойынша өз мүмкіндіктерін сынап, құрал-жабдықтармен жұмыс жасады, күрделі

емес өлшеу және есептеу технологияларын, операцияларды орындады.

Жоба шеңберінде мектеп оқушыларына арнап аталған кәсіпорындарға: ЖШС «Ақтөбе-Фудс», АЗФ «АҚ», КТЦ «Металлоконструкция» АҚ «КТЦ «Металлоконструкция» аақ, СВЕТОКОМ « ЖШС экскурсиялар ұйымдастырылды.

Аталған жоба барысында «Ата-анамның жұмысындағы бір күн» акция аясында АОҒТО қызметкерлері өз балаларын жұмыс орнына қонаққа шақырды. Орталық қызметкерлерінің балалары ата-анасының жұмыс орнына экскурсия жасап, атқарып жатқан қызметтерімен етене танысты. Бұл эстафетаны Ақтөбе облыстық физика-математикалық мектеп-интернаты, Алға аудандық ауруханасы, Новый орта мектебі жалғастырып алып кетті. Эстафета әлі де жалғасуда!

Аяш ИСКЕНДИРОВА,
Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының техникалық және кәсіптік білім және кәсіби бағдар беру бөлімінің әдіскері

АННОТАЦИЯ ○

Правильно выбранная профессия – залог успеха. Какие профессии сегодня наиболее востребованы? Это тема статьи А. Искендировой, методиста научно-практического центра Актюбинской области. Центр ежегодно проводит мероприятия среди выпускников, делая акцент на правильность выбора профессии. Обо всех этих проектах и акциях рассказывается в материале.

